

Жеңісбек Ә.А., академик Е.А., Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Диз-31 тобының студенті
(*Ғылыми жетекшіі - п.ғ.к., доцент Манабаева А.Ш.*)

ЭТНОСТИЛЬДЕГІ БОЙЖЕТКЕН КИІМІНІҢ ДИЗАЙНДЫҚ ШЕШІМІ

Киім – бұл адам денесінің жамылғысы. Киім адамды қоршаған ортаның, табиғаттың түрлі әсерлерінен қорғайды. Оның тұтыну мәнімен бірге ғұрыптық және белгілі бір мақсатқа қызмет ететін маңызы бар. Қазіргі таңда заманауи ұлттық нақыштағы киімнің пішіні мен құрылымы, оның элементері әрқашанда мата түріне, оның созылымдық (пластикалық) сипатына, фактурасына, ою-өрнегіне, түсіне бағынышты. Киімнің конструкциялық принциптерінің шешімі, алдын ала ойластырылған жоба, пішім мен сәннің сәйкестігі, мата мен пішін қолданысының үйлесімділігі киімнің жаңа үлгісіне аса мән берілуде. Сонымен қатар сән үлгілерінде ұлттаралық белгілерге қоса, тұрмыс-салттық ерекшеліктер, ұлттық мәдениет түрі, ұлттық дәстүрі көрініс тапқан.

Қазіргі таңда қазақ қыздарымыз шетел елдерінің киім-киісіне қызығып ашық – шашық киінуіне қарап ертедегі қазақ қыздарымыз бейнесі еске түседі.

*Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?*

Осындай Абай атамыздың керемет өлеңі қазақ қыз-келіншектерінің қалай киінгенін қарапайым өлеңмен жеткізген. Алайда ерте заманнан бастау алатын киім кию дәстүрі бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатса да, ұлттық киім кию мәнеріміз, өзіндік бітім-болмысымызды айқындайтын өз киіміміз қандай болды? Осыған келгенде түрлі дау-дамай туып, нәтижесі өзге ұлттардың киімін қазақ киімінің түп тарихына байланыстыруға әкеледі. Шын мәнінде, қазақтың қыз-келіншектері қалай киінген? Жалпы қазақ қыз-келіншектері киімінің негізгі ерекшелігі - тұла-бойды жауып тұратындығында. Әйелдің киімі, әсіресе, баскиімі оның жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты өзгеріп отырған.

Жалпы қазақ қыз-келіншектері киімінің негізгі ерекшелігі - тұла-бойды жауып тұратындығында. Әйелдің киімі, әсіресе, баскиімі оның жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты өзгеріп отырған.

Қазақ киімі өзге ұлттардағыдай аса шеберлікпен, дәлдікпен, әсемдікпен тігілген. Киімде бүкіл ұлттың, жалпы халықтың болмысы жатса, қызға қырық үйден тию жасаған қазақ қыз-келіншектерінің киімінде көшпелі ұлттың қатпарлы тарихы қатталып жатқандай. Қыз етегінің ұзын болу себебі, ибалықты білдірсе, кимешек секілді басты жауып тұратын бас киімдер көшпелі халықты желдің өтінен, күннің ыстығынан, қыстың ызғарынан қорғаған [1].

Ғалымдардың ұзақ жылдар бойы сан түрлі тәжірибе жасап барып, дәлелдеп жатқан дүниелерін бір ауыз сөзбен айтып кеткен көреген халық, біздің ата-бабаларымыз ақ түстің денсаулықты қорғай алатын қасиеті бар екенін біліп, ақ түсті киелі түске айналдырған. Кішкентай қыз Жаңа туған нәрестеге әлбетте, иткөлек киігізген. Ал есі кіріп қалған қыз балаларға көйлек кигізіп, тұлымшағын өріп қойған. Басына тақия кигізіп, үстіне тізесін жауып тұратын көйлектер кигізген. Осындай қазақтың сұлу қыздарын Мұрат Мөнкеұлы өз өлеңінде:

*«Бұраңдап ақ моншақтай керілген қыз
Оздырдың салтанатты еліңнен қыз,
Сәулесі ақ жүзіңнің жерге түссе,
Реңкің сары алтындай көрінген қыз» – деп бейнелеп кеткен болатын.*

«Жаздыгүні жұқа матадан тігілген тақия кесе, қыста бөрік киген. Тұрмысқа шықпаған бойжеткен барынша сәнді киініп жүрген. Қыздардың киімдері қайта оралмас қыздық дәуреннің белгісіндей аса ұқыптылықпен тігілген. Ою-өрнектің сан түрімен әшекейлеп, түрлі тастармен безендірілген. Бұрымын әсемдеп өріп қойып, шолпысын сылдырлатып жүрген

бойжеткендер талай жүректі дір еткізген. Қазақ қыздары осынау сұлулығын сырт көзден бүкпей, керісінше қырмызы гүлдей құлпырып жүрген. Әсіресе, шаш күтіміне ерекше қарап, кейде қыз сұлулығын шаш сұлулығымен өлшейтін де замандар болған» деген екен ұлы Абай.

Қазіргі кезде жігіттердің «Қандай қыздар ұнайды?» деген сұраққа ойланбастан «Шашы ұзын қыздар» деп жауап беретіні сол түсініктің жұрнағы. Шашқа бойжеткен мен оның жеңгелері ерекше құрметпен, күтіммен қараған. Шашқа арналып тағылатын әшекейдің түр-түрі қыздардың қобдишасынан табылған. Аңыз болып «Көрінер қыздар сұлу шашбауымен, бұрымын кейін сілкіп тастауымен» деген өлең жолдары қалған. Қазақ қызы ешқашан шашын жасырып жүрмеген. Қазақта мынадай ырым-тиым бар: «Қыз басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ - жаулық, қара – қайғы».

Қазақ қыздарына ырым ретінде киімінің аксессуары ретінде тұмарша немесе бойтұмар таққан. Бойтұмарға кез-келген бұйым (ұлутас, сүйек, т. б.) немесе арнайы жасалған қымбат заттар да алынған. Көбіне олардың бетіне жазу жазылып, бедерлеп суреттер түсірілген. Бойтұмарды алқаға, кішкене қорапшаға, әмиянға салып қояды. Бойтұмарға былғарыдан, шүберектен жасаған қалташа тігеді. Үлкендігі мен пішіні әртүрлі болады. Ол көз тиюден, пәле-жаладан, апаттан қорғайды деп сенген.

Бойжеткен қыз баланың келесі әшекей бұйымы – жүзік немесе оны сақина деп те атайды. Әйелдердің саусақтарына тағылатын зергерлік бұйымдардың бір түрі – жүзік немесе сақина деп аталады. Зергерлер алтыннан, күмістен құйып, қақтап, соғып, шекімелеп, қара ала жүргізіп шиыршық темірден торлап, небір тамаша өрнектер салып, асыл тас қондырып алуан түрлі жүзіктер жасаған. Олар жасалу түрі мен қолдану ретіне қарай отау жүзік, құс мұрын жүзік, тасбақа жүзік т. б. деп аталған.

Бойжеткен қыз бала шашына шолпы, шаш теңге таққан. Бұл бұйымдарды қыз-келіншектер шаштарының ұшына тағады. Шаш теңгелер мен шолпылар әсем шиыршықталған күміс үзбе бауларға бекітілген тоғыз теңгеден тұрады. Тоғыз – қазақ ұғымында киелі сандардың бірі. Олар бір-бірімен ұзыннан ұзақ жалғасып, шаштың ұшына бірге өріледі.

Сонымен қатар, шашбау да бойжеткеннің бұрысмына ерекше бір сән беріп тұрған. Шашбаудың сәндік элементтері бір-біріне сым үзбелер арқылы бекітіледі. Орталарына асыл тастардан көз қондырылған теңгелер тізбегінен құралады. Ұшы сәнді шашақпен, күміс әшекейлермен әсемделеді. Шашбау шаштың түбіне бекітіліп, бұрыммен бірге салбырай төгіліп тұрады.

Бойжеткен қыздың келесі аксессуары ол – білезік. Білезік сыңар қолға да, қос қолға да тағыла береді. Бірнеше бөлшектен құралған, ашпалы-жаппалы, сом темірден тұтас құйылған жұмыр түрлері болады. Соған орай оларды сом білезік, жұмыр білезік, бес білезік т. б. деп әртүрлі атайды. Олардың ішінде шынжырмен жалғасып жататын бірнеше жүзігі бар білезіктер де кездеседі. Оларға неше түрлі өрнектер салып, тас қондырып, қарала жүргізіп, сіркелеп, бұрала ширатып әсемдеген. Олар көбіне күмістен соғылады.

Бойжеткен қыздың аса сүйіп тағатын әсемдік бұйымдарының бірі – сырға. Қазақ зергерлері жасайтын ай сырға, тас көзді сырға, күмбез сырға, салпыншақ сырға, сабақты сырға, шашақты сырға деп әр өңірде алуантүрлі аталатын сырғалардың түрлері өте көп.

Камзол сияқты киімдерге қапсырма тағылады. Қапсырма – бір-біріне топса арқылы бекітілетін екі бөліктен тұрады. Олар үш бұрыш, сүйір, доға тәріздес әр түрлі пішінде болады. Қапсырманың бетіне аң-құстың, ай мен күннің, немесе өсімдік тектес өрнектер салынып, тастар қондырылып әсемделеді.

Бойжеткен қыз баланың мойнына алқа да өте жарасымды болып келеді. Оны кейде өңіржиек деп те атайды. Алқалар бір-біріне шығыршық арқылы жалғасады және бірнеше төрт бұрышты әшекейлерден құрастырылады. Әр әшекейдің ортасына, жиектеріне асыл тастар орнатады [2].

Сондай-ақ аталған зергерлік бұйымдарды бойжеткеннің киімінде ою-өрнектер де толықтырып тұратыны бәрімізге мәлім. Бойжеткен киіміне қазақтың өсімдік тектес,

космогониялық өрнектерді қолданады: гүл, жапырақ, сабақ, дөңгелек, мүйіз, таңба, ай, күн арпабас, мақта, көбелек, су өрнегі т.с.с.

Жалпы қазақтың ою-өрнектері төрт түрге бөлінеді: өсімдік тектес, жануарлар, геометриялық формадаа, космогендік (астрологиялық). Бұлардың әрқайсысының өзінің белгілі бір мағынасы бар. Мүйіз – қазақ оюының негізі және ең көне мәнері. Ою-өрнектің бұл элементі мүйізді мегзеуден шыққан. «Мүйіз» ою-өрнегі кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік қолөнер саласында пайдаланылады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданады. «Гүл» ою-өрнегі барлық гүл түрін тұспалдайды. Бұл өрнектің түрі қолөнер бұйымдарында үш жапырақтан басталып, он екі жапырақты ою-өрнекке дейін кездеседі. Кесте тіккенде және киім-кешектердің жағасына, қалтасына, жиектеріне салады.

Киім тігуге мал, аң терілері, өсімдік, ағаш, балық, құс өнімдері, жасанды материалдар пайдаланылады. Сонымен қатар киімде қолданылатын мата түрлеріне тоқтала кетсек. Мата атауларының ішінде бұрыннан көпшілікке белгілерімен қатар сирек қолданылатын және беймәлімдеу ақду, мыңсым, тұқаба, тапта, қырмызы, қымқап, кенеп, барқыт, жібек, жібекқатқан, торғын, тік, сәтен, ақзу, шыт, шұға, атлас, зеріп, мағанқара, пай, парша, ләйлі, мыңсым, мақпал т.б. мата түрлері бар.

Киім тігуге мал, аң терілері, өсімдік, ағаш, балық, құс өнімдері, жасанды материалдар пайдаланылады. Сонымен қатар киімде қолданылатын мата түрлеріне тоқтала кетсек. Мата атауларының ішінде бұрыннан көпшілікке белгілерімен қатар сирек қолданылатын және беймәлімдеу ақду, мыңсым, тұқаба, тапта, қырмызы, қымқап, кенеп, барқыт, жібек, жібекқатқан, торғын, тік, сәтен, ақзу, шыт, шұға, атлас, зеріп, мағанқара, пай, парша, ләйлі, мыңсым, мақпал т.б. мата түрлері бар.

Қазақ қолөнерінде ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан дәстүрлі бояу түрлері бар. Олар: қызыл, көк, жасыл, сары, ақ, қара. Бұл бояулардың сол сияқты символдық мәні де бар. Көк түс – аспанның, ақ түс – ақиқаттың, қуаныштың, сары түс – ақыл парасаттың, қайғы мұңның, жасыл түс – жастықтың, көктемнің символы. «Су өрнегі» деп әрбір өрнекті бөліп тұрған жолақты айтады. Су өрнегі екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек, төртбұрыш бейнелер жасайды.

«Тұмарша» ою-өрнегі үшбұрыш үлгілес болып келеді. Үш гүл, үш бұрыш тәрізді тұмарлар тіл-көзден сақтау үшін адамдарға ғана емес, үй жануарларына да бойтұмар ретінде тағылады. Кілем бұйымдарының жиегінде киіз, кілем, текеметтің орта тұсын көмкеруде кездеседі.

Қазіргі таңда елордамыз Астана қаласында замамауи үлгідегі көйлектерді ұлттық нақышта әрлеп жүрген Айпери Обозова атты дизайннерлеріміз бар. Ол қазақ халқының дәстүрін дәріптейтін қазіргі заманға сай үлгідегі киімдерді ою-өрнекпен әшекейлеп, әрлеп шығаруда. Өзінің негізгі мамандығы интерьер дизайнны болғанмен бала кезден киім дизайнына деген ынтасы барын айтты. Интерьер дизайнны мамандығын бітірген бетте өзінің киім дизайны студиясын ашты. Ол кісі қазіргі жастардың талғамы бойынша киім үлгілерін шығарып, оны ұлттық ою-өрнектермен әшекейлеп қазағымыздың белгісін қалдырғысы келеді. Және де оны әрі қарай дамытып барлық елге танытсам деген арманы бар. Сонымен қатар атақты дизайннер Аида Кауменованың киім үлгілері заманауи дизайнда жасалған. Айпери Обозованың көйлектері ұлттық ою-өрнектермен белгіленсе бұл кісі барлық киім үлгілерін шығаруда тек қана ұлттық үлгіде емес басқа да халықтың элементтерін пайдаланып шығаруда.

Бүгінгі таңда дизайнерлер ұлттың киімнің эмоционалды-көркемдік бейнесі қазіргі өндірістің жаңа технологиясын, жаңа әдісін, жаңа матасын пайдалана отырып, бүгінгі күн талабына сай костюмнің моделін жасауға ұмтылады. Ең басты міндеті - жаңа модель құруда ұлттық киімнің рационалдық (тепе-теңдік) принципін, құрылымдылық ерекшелігін сақтау.

Әдебиеттер:

1.«Қазақстан» Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.

2.Марғұлан Ә. Қазақ халқының қол өнері 2-том – Алматы, 2000